**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 қарашадағы N 1274 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 шілдедегі N 681 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 маусымдағы № 742 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.06.30 № 742 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 қарашадағы N 1274 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 43, 434-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірі 1-жолдың, "Іс-шара" деген бағанындағы "қолданыстағы заңнамалық кесімдерді"»деген сөздер "қолданыстағы заңнаманы" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 2-жолда:

"Іс-шара" деген бағандағы "үш жылға арналған" деген сөздер "екі жылға арналған" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Орындау мерзімі" деген бағандағы "Жыл сайын" деген сөздер "Екі жылда 1 рет" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 6-жолдың "Орындау мерзімі" деген бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Жарты жылда 1 рет";

реттік нөмірі 7-жолдың "Аяқталу нысаны" деген бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және орыс тілдерінде заңнама терминдерінің сөздігін шығару";

реттік нөмірі 8-жолда:

"Жауапты орындаушылар" деген баған мынадай редакцияда жазылсын: "Әділетмині, ІІМ, ЭСЖҚА (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша)";

"Орындау мерзімі" деген бағандағы "2003 жылғы 1-тоқсан" деген сөздер "2005 жылғы 4-тоқсан" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 9-жолдың "Орындау мерзімі" деген бағанындағы "2002 жылғы 4 -тоқсан" деген сөздер "2006 жылғы 4-тоқсан" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 13-жолдың "Орындау мерзімі" деген бағанындағы "2004" деген сандар "2006" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 16-жолдың "Іс-шара" деген бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу ";

реттік нөмірі 22-жолдың "Орындау мерзімі" деген бағанындағы "2004" деген сандар "2006" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 25-жолдың "Орындау мерзімі" деген бағанындағы "2002" деген сандар "2006" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 27-жол мынадай редакцияда жазылсын:

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "27 | Неке және отбасы туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің жобасын әзірлеу | Кодекс жобасы | Әділетмині | 2007 жылғы 4-тоқсан "; |

реттік нөмірі 30-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 31-жолдың "Жауапты орындаушылар" деген бағаны "ҚҚА ( келісім бойынша)" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 32-жолдың "Жауапты орындаушылар" деген бағанындағы "ҰБ ( келісім бойынша)" деген сөздер "ҚҚА (келісім бойынша)" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 47-жолдың "Орындау мерзімі" деген бағанындағы "2004" деген сандар "2005" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 51-жолдың "Орындау мерзімі" деген бағанындағы "2004" деген сандар "2005" деген сандармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 61-1, 61-2-жолдармен толықтырылсын:

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "61-1 | "Алқабилер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу | Заң жобасы | Әділетмині, ЖС (келісім бойынша) | 2005 жылғы 2-тоқсан |
| 61-2 | "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне алқабилер соты институтын енгізу мәселелері бойынша | Заң жобасы | Әділетмині, ЖС (келісім бойынша) | 2005 жылғы 2-тоқсан |

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу ";

реттік нөмірі 66-жол мынадай редакцияда жазылсын:

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "66 | "Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыланды-руға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | Заң жобасы | БП (келісім бойынша), ЭСЖҚА (келісім бойынша), Қаржымині, ІІМ, ҰБ (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша), ҚҚА (келісім бойынша) | 2005 жылғы 3-тоқсан"; |

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 66-1-жолмен толықтырылсын:

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "66-1 | "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржылан-дыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | Заң жобасы | БП (келісім бойынша), ЭСЖҚА (келісім бойынша), Қаржымині, ІІМ, ҰБ (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша), ҚҚА (келісім бойынша) | 2005 жылғы 3-тоқсан"; |

реттік нөмірі 71-жолда:

"Жауапты орындаушылар" деген бағандағы "ҚПА" деген аббревиатура " ЭСЖҚА" /келісім бойынша/ деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

"Орындау мерзімі" деген бағандағы "2003 жылғы 4-тоқсан" деген сөздер " 2006 жыл" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 80-жолда:

"Іс-шара" деген баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Сот жүйесін жетілдіру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама әзірлеу";

"Орындау мерзімі" деген бағандағы "2003" деген сандар "2005" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 90-жолдың "Жауапты орындаушылар" деген бағанындағы "ӘдМ " деген аббревиатура алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК